

**Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеретін республикалық салааралық институттың мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 9 желтоқсан N 1236. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996.01.10. N 49 қаулысымен.

Нарықты экономика үшін кадрлар даярлау мен қайта даярлау жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1989 жылғы 2 наурыздағы N 81 қаулысымен (ҚазССР ҚЖ, 1989 ж., N 9, 40-бап) құрылған Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеретін республикалық салааралық институты қайтадан Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеретін республикалық салааралық институт болып аталсын.

2. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген Жоспарлау органдары қызметкерлерінің біліктілігін көтеру жөніндегі республикалық курстарды Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеретін республикалық салааралық институттың құрамына беру туралы ұсынысы қабылдансын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Жоспарлау органдары қызметкерлерінің біліктілігін көтеру жөніндегі республикалық курстардың негізгі қорларын, айналымдағы қаражатын, қаржы және материалдық ресурстарын Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеретін республикалық салааралық институтқа беру жөніндегі шараларды жүзеге асырсын.

4. "Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің мәселелері" деген Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 16 наурыздағы N 200 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 14, 169-бап) N 1 қосымшасындағы "Республикалық біліктілік көтеру курстары" деген сөздер "Басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеретін республикалық салааралық институт" деген сөздермен алмастырылсын.

5. "Қазақ ССР Министрлер Советі жанында Басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін арттыратын республикалық салааралық институт ұйымдастыру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1989 жылғы 2 наурыздағы N 81 қаулысына (ҚазССР ҚЖ, 1989 ж., N 9, 40-бап) төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

4-тармақтағы "институтқа" деген сөзден кейінгі "Жоспарлау органдарының біліктілігін көтеретін республикалық курстарға" деген сөздер алынып тасталсын, "методикалық" деген сөз "әдістемелік" сөзімен алмастырылсын және одан әрі текст бойынша;

7-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"7. Институт жұмысына тікелей басшылық жасау үшін құрамына институт дирекциясы мен Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің, Білім министрлігінің және басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволардың өкілдері енгізілген институт кеңесі ұйымдастырылсын.

Институт қызметіне жалпы басшылықты Қазақстан Республикасының Экономикалық өзгерістерінің Ұлттық кеңесі жүзеге асырады".

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі